

ОӘЖ 336.1

ЕЛІМІЗДІҢ НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Хавджалел Хасымхан

khassamkhan_07@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының
2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ауезова К.Т

Дүние жүзіндегі елдерді басқарудың екі деңгейі бар екені әлемге таңсық емес. Бұл мемлекеттік басқару және жергілікті басқару болып бөлінеді. Ал, азаматтық қоғамның қалыптасуы мен демократияның жетілуі билік құзіретін кеңейтумен тікелей байланысты. Сондықтан мемлекеттік басқаруға азаматтардың қатысуын кеңейту және мемлекеттік органдардың халық алдындағы жауапкершілігін арттыру бүгінгі күннің маңызды өзекті мәселесі болып отыр. Еліміздің қазіргі таңдағы дамуы мемлекеттік билікті орталықсыздандыруды, яғни орталықтан жергілікті деңгейді қолдауды қажет етеді.

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 қаңтардағы Заңының қабылдануымен әрбір билік деңгейі үшін мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру жолдары, сондай-ақ оларды ретке келтіру жөніндегі өкілеттіктер мен жауапкершіліктерді бекіту мәселелері реттелді. Жалпы алғанда, мемлекеттік басқару жүйесінің базалық негіздерін жасау аяқталып отыр.

Қабылданған Заңға сәйкес жергілікті мемлекеттік басқару – заңнамалық актілерінде белгіленген құзырет шегінде жергілікті өкілетті (мәслихаттар) және атқарушы органдар (әкімдіктер) тиісті аумақта мемлекеттік саясатты жүргізеді және тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты болып отыр. Әкім - еліміздің Президенті мен Үкіметінің жергілікті атқарушы органдары басқаратын және тиісті аймақта мемлекеттік саясаттың жүргізілуін және орталық мемлекеттік органдардың барлық аумақтық бөлімшелерінің үйлесімді қызмет істеуін, тиісті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға басшылықты қамтамасыз ететін, еліміздің заңдарына сәйкес мемлекеттік басқару өкілеттігі берілген, тиісті аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйіне жауапты өкілі болып отыр.

Еліміз өтпелі кезеңде биліктің атқарушы тармағын күшейте отырып, өзін-өзі басқару органдарының сатылық қалыптасуын анықтады. Сондықтан өзін-өзі басқаруға біз қоғамда сұраныс пен шынайы қабылдау болып, ол пісіп-жетілген кезде ғана табиғи жолмен келуіміз керек [1,2].

Барлық елдерде жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілік-аумақтық бірліктің төменгі буынынан, яғни ауылдық буыннан басталған. Дегенмен, жергілікті өкілетті органдар өзін-өзі басқару органы сияқты биліктің өздерінен жоғары тармағына тікелей байланбаған.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ мерзімге арналған стратегиясы табиғи, әлеуметтік-экономикалық және көптеген факторларды ескеріп, оларды мемлекеттік саясаттың барлық бағыттарында нақтылау ғылыми тұрғыдан негізделген және жүзеге асу мүмкіндігі бар.

Қазіргі уақытта республика кеңістігіндегі әлеуметтік-экономикалық даму жағдайларының біркелкі болмауы мемлекет тарапынан жүргізілетін аймақтық саясат

ерекшеліктерін анықтап отыр. Сондықтан мемлекеттің аймақтық саясатының мақсаттары мен міндеттері, оларды жүзеге асыру механизмдері анықталып отыр.

Мемлекет нарықтық қатынастардың дамуы барысында кәсіпорындарға толықтай дербестік бере отырып, олардың шаруашылық қызметіне тікелей араласпағанымен де, жанама түрде араласады. Мұндай жағдай нарықтық экономикада кәсіпорындардың тиімді қызмет етуінің бір шарты болып табылады.

Ал, егер мемлекет аймақтармен дұрыс өзара қарым-қатынас орнатпаған болса, немесе халықтың өмір сүруін қамтамасыз ететін ортасы болып табылатын мемлекеттің барлық аумақтарының дамуы үшін жауапкершіліктен бас тартатын болса, онда жүргізіліп жатқан реформалардың оң нәтижеге жеткізбейтіндігі анық. Демек, аймақтардың дамуын мемлекеттік және жергілікті органдар арқылы реттеу олардың дамуының қажетті шарты. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің ерекше бағыты ретінде қарастырылатын аймақтық саясаттың қазіргі ерекшеліктерін қарастыру оның тиімді жүзеге асуына ықпалын тигізетіні негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан да аймақтар дамуындағы қазіргі саясаттың бағыттарын айқындау өзекті мәселеге айналып отыр. Жергілікті маңызы бар мәселелердің реттелуі осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс тұрғындарының басым бөлігінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге байланысты облыс, аудан, қала, қаладағы аудан, ауылдық округ, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кент пен ауыл қызметінің мәселелері. Жергілікті мемлекеттік басқару Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген құзыреті шегінде тиісті аумақта мемлекеттік саясатты жүргізу, оны дамыту мақсатында жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асыратын, сондай-ақ олардың тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты болып табылатын қызметі. Жергілікті өзін-өзі басқару - халық тікелей жүзеге асыратын, сондай-ақ мәслихаттар және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылатын нормативтік құқықтық актілерде айқындалған тәртіппен жергілікті маңызы бар мәселелерді өзінің жауапкершілігімен дербес шешуге бағытталған қызмет түрі.

Республиканың қазіргі экономикалық кеңістігі әлеуметтік, экономикалық, экологиялық ерекше мәселелермен сипатталатын әр түрлі аймақтарды қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда және аймақтардың мамандандырылу қағидасына сәйкес республика аймақтарын төрт топқа бөлуге болады. Аймақтарды шаруашылық салаларының құрылымы сыртқы экспортқа бағытталған, индустриялық дамыған, агроөнеркәсіптік және дағдарыстық деп бөлеміз.

Бірінші топ шикізат ресурстардың айтарлықтай қоры және ғылыми-өндірістік даму мүмкіндігі бар, бірақ ауылдық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық артта қалуымен және экологиялық жағдайлардың нашар болуымен ерекшеленетін аймақтарды қамтиды.

Бұл топтағы аймақтар үшін төмендегідей мәселелерді шешу яғни, минералдық шикізат көздерін кешенді өндіру мен өндеудің жаңа технологияларын еңгізу негізінде стратегиялық шикізат түрлеріне бай жерлерді қарқынды игеру жолдары, отандық және шетелдік инвесторлар үшін қолайлы инвестициялық климатты анықтайтын және әлемдік стандартқа жауап беретін жоғарғы дамыған өндірістік, әлеуметтік және нарықтық инфрақұрылымдарды құру, сонымен қатар ауылдық елді мекендер дамуындағы әлеуметтік, экономикалық, экологиялық мәселелерді шешу жолдарын қарастырады.

Индустриялық дамыған топқа ауыр өнеркәсіп салаларына маманданған, жоғары технологиялық ғылыми жетістіктер қажетсінетін өндіріс құру үшін қолайлы экономикалық жағдайлары және жоғары ғылыми-өндірістік әлеуеті бар, негізінен қаржылық ресурстармен өзін-өзі қамтамасыз ете алатын аймақтар кіреді. Бұл аймақтарды дамытуға шетел инвестицияларын тарту жолымен экспорттық әлеуетті қалыптастыру, ғылымның жаңа

жетістіктерін қажетсінетін өнімдер шығару, жаңа технологиялар негізінде құрал-жабдықтар мен машиналар, электроника құралдары, автомобиль өнімдері және лазер технологиясын дамытумен қатар нарықтық инфрақұрылымды жеделдету жатады.

Агроөнеркәсіптік үшінші топ – ауыл шаруашылығына маманданған кешенді аймақтарды қамтиды. Бұл топтағы аймақтар үшін халықтың жұмыс бастылығын қамтамасыз ету және жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында ауыл шаруашылығы мен оған сабақтаса дамитын салаларда шағын және орта бизнесті дамыту қажет. Олардың әлеуметтік-экономикалық дамуын тұрақтандыру үшін ауылшаруашылық өнімдерін өндіруде тиімді мамандандыруды жүзеге асыру, ауыл шаруашылық өнімінің жоғары сапалылығын және экспорттық әлеуетінің өсуін қамтамасыз ету, өндірісте жаңа технология мен техникаларды енгізу және пайдалану, сонымен қатар тұтыну заттарын өндіретін ауыл шаруашылығының және өнеркәсіп салаларының материалдық-техникалық базасын нығайту және әлеуметтік инфрақұрылымдарды құру көзделген.

Төртінші топқа - табиғи-климаттық, әлеуметтік-экономикалық және шаруашылық салаларының құрылымы тиімді емес дағдарыстық, сонымен қатар экологиялық дағдарысқа ұшыраған аудандар жатады [2,3]. Бұл аймақтарда жинақталған өзекті мәселелерді шешу үшін мемлекеттік реттеудің нақты шаралары қажет екені сөзсіз. Сонымен бірге, осы топтағы аймақтардың дамуы үшін шешілуі тиіс мәселелер келесідей :экологиялық дағдарыстың алдын алудың жолдары және осы аймақтарда тұратын халықтың өмір сүру сапасымен қатар тұрмыс деңгейін көтеру үшін материалдық жағдайын жасауда нақты шаралар қабылдаудың жолдары, қоршаған ортасы халықтың денсаулығына өте қауіпті ауылдық аймақтардан республикамыздың басқа аймақтарына көшіп келген адамдар үшін қажетті жағдайлар жасау және гуманитарлық көмектерді тартумен қатар оларды тиімді пайдалану ұсынылады. Осы аймақтардағы дағдарыстың нақты белгілері өндіріс қарқынының жетімсіздігі, халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, демографиялық, экологиялық, әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мәселелердің күшеюі және т.б.

Жалпы еліміздің экономикалық дамуында әрбір аймақ жеке дами алмайды, өйткені басқа аймақтардың дамуына зиянын тигізбес үшін оның ерекшеліктері де толық ескерілуі тиіс. Сондықтан да,экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесіндегі аймақтық саясаттың маңызы ерекше. Мемлекет әрбір аймақ үшін бағдарлама дайындап, сол бойынша әрбір аймақ өзінің даму бағытын жүзеге асыруы қажет. Ал, оны жүзеге асыруда жергілікті мемлекеттік органдардың тиімді жұмыс жасауы негізгі міндеттері болуы шарт.

Мемлекет аймақтық саясатты қалыптастыру үшін еліміздің аумағы бойынша себептерді көрсетуі және оны жергілікті мемлекеттік органдар қадағалуы қажет. Оларға аймақтардың табиғи-климаттық жағдайының айырмашылығы, аймақтың өнімділігін анықтайтын табиғи ресурстарды пайдалану бағыты, аймақтың орналасуының «күрделі» жағдайы, аймақтың көлік және байланыс қызметтерінің дұрыс дамуы, инновация енгізу жағынан артта қалуы, тауар өндірісіне әсер ететін технологиялық даму сатысы, институционалдық орналастырудың физикалық факторлары, әлеуметтік мәдени факторлар яғни урбанизация деңгейі, халықтың білім деңгейі, ғылыми орталықтардың бар болуы және т.б. жатады[3,4].

Аймақтар экономикасын мемлекеттік реттеу – еліміздің және оның жекеленген аймақтарының экономикалық жағдайын қамтамасыз етуге қойылған мақсаттарға жетуді көздейтін мәселелерді шешуге бағытталуы керек. Ал, аймақтық саясаттың мәні – жалпы ұлттық мақсаттарға жету үшін аймақтық дамуды тиімді басқару болып табылады.

Республикамызда соңғы жылдары аймақтық экономикаға, аймақтарды дамытуға, дәлірек айтсақ, республикадағы әрбір аймақтың экономикалық өсуіне, әлеуметтік жағдайына, қаржы жағдайын тұрақтандыруға, халықтың әл-ауқатын көтеруге, отандық және шетелдік инвестицияларды тарту және оны тиімді пайдалануға, өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, сонымен қатар орта және шағын бизнесті дамыту сияқты мәселелерді шешуге айтарлықтай көңіл бөлініп, нақты іс-шаралар кешені жүзеге асырылуда [5].

Еліміздің индустриялық-инновациялық даму бағдарламасында дүние жүзілік экономиканың ғаламдануы аясында Қазақстан экономикасының дамуында орын алып отырған бірқатар мәселелер көрсетілген, олардың қатарында экономиканың біржақты шикізат бағыттылығы, әлемдік экономикаға ықпалдасуының әлсіздігі, ел ішіндегі салааралық және аймақаралық экономикалық ықпалдасудың босандығы, ішкі нарықта тауарлар мен қызметтерге деген тұтыну сұранысының төмендігі, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның жеткілікті дамымауы, кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық тұрғыдан артта қалушылығы, ғылым мен өндірістің арасында ықпалды байланыстың болмауы, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) қаржының аз бөлінуі және т.б. жатады. Қазіргі таңда Қазақстан ғаламдық экономикада әлемдік тауар нарықтарына мұнай, газ, кара, түсті, сирек кездесетін және қымбат металдармен қатар уран өнімдерін шығаратын ел ретінде таныла бастады.

Ал, ауылшаруашылық өнімдерінің ішінде астық экспортының келешегі зор. Кейінгі жылдары индустриялық-инновациялық стратегияға сәйкес өңдеуші саланы дамытудың алғашқы шаралары жүзеге асырыла бастады.

Алдағы кезеңде негізгі күш экономиканың шикізаттық емес бағытындағы салаларында жұмыс істейтін бәсекеге қабілетті, соның ішінде экспортқа бағытталған өндірістерді дамытуға және құруға бағытталған іс-шаралар жүргізу болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мамыров Н.К., Ихданов Ж. ГРЭ в условиях Казахстана. Алматы: Экономика, 1998г.
2. Р.С.Каренов. Основы государственного регулирования экономики. Алматы 1999г.
3. Экономика / под ред. А.С.Булатова. М: Юристъ. 2016 г.
4. Мамыров Н.К. и др. Государство и бизнес. Отношения между правительством и бизнесом. Алматы: Экономика, 2002г.
5. Аймаханов К. С. Современное состояние законодательного обеспечения государственного регулирования развития АПК и сельских территорий Казахстана: Государственная аграрная политика// Евразийское сообщество: общество, политика, культура.- 2016. № 1.